

Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 13 желтоқсандағы "2008 жылға арналған қалалық бюджет туралы" N 5/34 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2008 жылғы 22 мамырдағы N 9/88 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінің Ақтау қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 30 мамырда N 11-1-83 тіркелді.

Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және 2007 жылғы 6 желтоқсандағы N8-IV "2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" »Заңдарына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 13 желтоқсандағы "2008 жылға арналған қалалық бюджет туралы" N 5/34 (N 11-1-72 тіркелген, 2007 жылы 27 желтоқсандағы N 213-214 "Маңғыстау" газетінде және 2007 жылы 27 желтоқсандағы N 217-218 "Огни Мангистау" газетінде жарияланған), 2008 жылғы 18 ақпандағы "Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 13 желтоқсандағы "2008 жылға арналған қалалық бюджет туралы" [N 6/49](#) шешіміне (N 11-1-78 тіркелген 2008 жылы 15 наурыздағы N 43 (7270) "Маңғыстау" газетінде және 2008 жылы 15 наурыздағы N 43-44 (9972-9973) "Огни Мангистау" газетінде жарияланған) төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "2008 жылға арналған қалалық бюджет 1-қосымшаға сәйкес мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер - 9 725 324 мың теңге, соның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша - 7 233 244 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша - 265 564 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 987 950 мың теңге;
 - трансферттердің түсімдері - 1 238 566 мың теңге;
- 2) шығындар - 10 185 687 мың теңге;
- 3) операциялық сальдо - 460 363 мың теңге;
- 4) таза бюджеттік несиелендіру - 0 теңге;
- 5) қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдо - 97 900 мың теңге, соның ішінде қаржылық активтерді сатып алуға - 97 900 мың теңге;
- 6) бюджеттің тапшылығы (профициті) - 558 263 мың теңге;
- 7) бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін қолдану) - 558 263 мың теңге "

2 тармақтағы :

1 абзацтағы "18,7" саны "20,8" санымен ауыстырылсын;

4 абзацтағы "13,9" саны "16,5" санымен ауыстырылсын.

3 тармақ келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Қалалық бюджеттен бөлінетін азаматтардың жеке топтарына төленетін әлеуметтік төлемдер келесі көлемдерде бекітілсін:

1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;
жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлері;
мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;
жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;
асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар (балаларға);

1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы әлеуметтік көмек:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;
жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлері;
мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;
жалғызілікті зейнеткерлерге;

5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде үйден оқып және тәрбиеленетін бала кезден мүгедек балаларға әлеуметтік көмек;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері мен атаулы күндер құрметіне әлеуметтік көмек:

Ұлы Жеңіс күніне (9 мамыр):

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 30 000 теңге мөлшерінде;
Ауғанстанда әскери қызметін өтеу кезінде мүгедек болған әскери қызметшілерге 25 000 теңге мөлшерінде;

Ауғанстанда әскери қимылдарға қатысқан әскери қызметшілерге 20 000 теңге мөлшерінде;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарын жоюға қатысқан және Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға 20 000 теңге;

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдары жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін орден, медальдармен марапатталған адамдарға 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында 6 айдан кем емес жұмыс істегендер (қызмет еткендер) және тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін орден, медальдарымен марапатталмаған адамдарға 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына 10 000 теңге мөлшерінде;

қарттар күніне (1 қазан):

70 жастан асқан жалғыздікті зейнеткерлерге 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

Мүгедектер күніне (қазанның екінші жексенбісі):

барлық топтағы мүгедектер, бала кезден мүгедектер, мүгедек-балаларға 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Қазақстан Республикасы күніне (25 қазан):

асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға (балаларға) 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарындағы оқуды төлеу мақсатымен жалпы орта білім беру мектептерінің түлектеріне әлеуметтік көмек. әлеуметтік көмектің бағытталуы мен төлену тәртібі Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысына сәйкес жүргізіледі".

4-4 тармақтағы "2 988" саны "3 646" санымен ауыстырылсын;

2 абзацтағы "2 525" саны "3 183" санымен ауыстырылсын.

Келесі мазмұндағы 4-7 тармағымен толықтырылсын:

"4-7. Қала әкімдігімен анықталатын тәртіпке сәйкес, жоғарғы және орта кәсіптік оқу орындарының күндізгі оқу бөлімдерінде оқитын студенттерге қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүру құқығы берілсін".

5 тармақтағы "33 000" саны "28 576" санымен ауыстырылсын.

7 тармақтағы 2 қосымша осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

8 тармақтағы 4 қосымша осы шешімнің 3 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Сессия төрағасы
Е. Қосмағанбетов

Қалалық мәслихат хатшысы
Ж. Матаев

" К Е Л І С І Л Д І " :
Экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімінің бастығы
А. Н. Ким

22 мамыр 2008 жыл

Қалалық мәслихаттың шешіміне
 2008 жылғы 22 мамырдағы N 9/88

1-қосымша

2008 жылға арналған қалалық бюджет

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	сомасы, теңге	мың
			1. КІРІСТЕР	9 725 324	
1			Салықтық түсімдер	7 233 244	
	01		Табыс салығы	2 235 061	
		2	Жеке табыс салығы	2 235 061	
	03		Әлеуметтік салық	1 696 965	
		1	Әлеуметтік салық	1 696 965	
	04		Меншікке салынатын салық	2 742 207	
		1	Мүлікке салынатын салық	1 849 207	
		3	Жер салығы	565 266	
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	327 710	
		5	Бірыңғай жер салығы	24	
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	420 255	
		2	Акциздер	61 560	
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	191 116	
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алым	167 579	
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны үшін және (немесе) құжаттар бергені үшін оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар алынатын міндетті төлемдер	138 756	
		1	Мемлекеттік баж	138 756	
2			Салықтық емес түсімдер	265 564	
	01		Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	32 362	
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кіріс бөлігінің түсірілімдері	12 010	

		5	Мемлекеттік меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	20 352
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 400
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен мемлекеттік сатып-алу ұйымдастыруын өткізгеннен түсетін ақша түсімдері	1 400
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ қазақстан Республикасының ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтамасыз етілетін және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен салынатын айыппұлдар, өсімақы, ықпалшаралармен өндіріп алулар	217 348
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ қазақстан Республикасының ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтамасыз етілетін және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен салынатын айыппұлдар, өсімақы, ықпалшаралармен өндіріп алулар	217 348
	06		Салыққа жатпайтын өзге де түсірілімдері	14 454
		1	Салыққа жатпайтын өзге де түсірілімдері	14 454
3			Негізгі капитал сатудан түсірілімдері	987 950
	01		Мемлекеттік мекемелердің атынан тіркелген мемлекеттік мүлікті сату	300 000
		1	Мемлекеттік мекемелердің атынан тіркелген мемлекеттік мүлікті сату	300 000
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	687 950
		1	Жерді сату	644 971
		2	Материалдық емес активтерді сату	42 979
4			Ресми трансферттерден түсетін түсімдер	1 238 566
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 238 566
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1 238 566
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы,мың тенге
			2. ШЫҒЫНДАР	10 185 687
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету	148 632
	112		Қалалық мәслихат	9 656
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	9 656
	122		Қала әкімінің аппараты	90 267

		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету	86 621
		008	Мемлекеттік қызметшілерді компьютерлік біліктілікке оқыту	3 183
		116	Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту	463
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты	9 831
		001	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету	9 831
	452		Қаржы бөлімі	26 553
		001	Қаржы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	12 524
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 000
		004	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру	9 929
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау , бағалау және сату	3 100
	453		Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	12 325
		001	Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	12 325
2			Қорғаныс	6 978
	122		Қала әкімінің аппараты	6 978
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	6 978
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	69 673
	458		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	69 673
		021	Елді мекендерде жол жүру қозғалысын реттеу бойынша жабдықтар мен құралдарды пайдалану	69 673
4			Білім беру	4 797 549
	464		Білім беру бөлімі	4 712 524
		001	Білім беру бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	13 224
		003	Жалпы білім беру	3 209 858
		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	4 500
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер сатып алу және жеткізу	25 146

		006	Балалар үшін қосымша білім беру	139 115
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларды, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстарды өткізу	10 885
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	1 204 817
		010	Білім беру саласындағы мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізу	104 979
	467		Құрылыс бөлімі	85 025
		002	Білім беру объектілерін дамыту	85 025
6			әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	354 839
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты	301
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	301
	451		Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	318 628
		001	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	34 002
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	27 783
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	26 000
		006	Тұрғын үй көмегі	8 799
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	134 989
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	3 590
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	696
		012	Ақпараттық жүйелер құру	1 092
		013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	27 488
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	38 932
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	8 424
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді арнайы гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	6 833
	464		Білім беру бөлімі	35 910
		008	Білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанының оқушылары мен тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау	35 910
7			Тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық	3 016 484
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты	14 903
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	2 181

		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	5 347
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5 375
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	2 000
	467		Құрылыс бөлімі	1 943 576
		003	Тұрғын үй салу	697 561
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру	615 902
		005	Коммуналдық шаруашылық объектілерін дамыту	122 463
		006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	506 155
		007	Көркейту объектілерін дамыту	1 495
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 058 005
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	140
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	13 900
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	96 724
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	232 929
		017	Жерлеу орындарын күтіп ұстау және туысы жоқтарды жерлеу	9 019
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	705 293
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	257 449
	455		Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	240 812
		001	Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	4 912
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	195 565
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	40 335
	456		Ішкі саясат бөлімі	6 538
		001	Ішкі саясат бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	6 538
	465		Дене шынықтыру және спорт бөлімі	10 099
		001	Дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	3 312
		006	Аудандық (облыс маңызы бар қалалық) деңгейде спорт жарыстарын өткізу	4 539
		007	Облыстық спорт жарыстарында спорттың әр түрлері бойынша ауданның (облыс маңызы бар қаланың) құрама топтарының мүшелерін дайындау және қатыстыру	2 248
9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	789 573
	467		Құрылыс бөлімі	789 573
		009		789 573

			Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	
10			Ауыл,су,орман,балық шаруашылығы,ерекше қорғалатын табиғи аумақтар,қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау,жер қатынастары	19 278
	462		Ауыл шаруашылық бөлімі	2 037
		001	Ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	2 037
	463		Жер қатынастар бөлімі	17 241
		001	Жер қатынастары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	10 696
		004	Жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	5 831
		006	Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	714
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	72 881
	467		Құрылыс бөлімі	8 972
		001	Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	8 972
	468		Сәулет және қала құрылысы бөлімі	63 909
		001	Қала құрылысы және сәулет бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	11 809
		003	Елді мекендер құрылысының бас жоспарларын әзірлеу	52 100
12			Көлік және коммуникациялар	469 587
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	469 587
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	207 648
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	261 939
13			Басқалар	181 625
	453		Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	45 000
		003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оған сараптама жүргізу	45 000
	469		Кәсіпкерлік бөлімі	95 416
		001	Кәсіпкерлік бөлімі қызметін қамтамасыз ету	4 878
		003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	90 538
	452		қаржы бөлімі	28 576
		012	Шұғыл шығындарға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	28 576
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	12 633

		001	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	12 633
15			Трансферттер	1 139
	452		Қаржы бөлімі	1 139
		006	Нысаналы трансферттерді қайтару	1 139
			3. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ САЛЬДО	-460 363
			4. ТАЗА БЮДЖЕТТІК НЕСИЕЛЕНДІРУ	0
			5. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРМЕН БОЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	97 900
			Қаржылық активтерді сатып алу	97 900
13			Басқалар	97 900
	452		Қаржы бөлімі	97 900
		014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	97 900
			6. БЮДЖЕТТІҢ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)	-558 263
			7. БЮДЖЕТТІҢ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТІН ПАЙДАЛАНУ)	558 263

Қалалық мәслихаттың шешіміне
2008 жылғы 22 мамырдағы N 9/88

2-қосымша

БЮДЖЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ (БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ) ІСКЕ АСЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРҒА БӨЛІНГЕН, 2008 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАЛАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ БЮДЖЕТТІК ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі	Бағдарлама	Атауы
Инвестициялық жобалар			
4			Білім беру
	467		Қала құрылысы бөлімі
		002	Білім беру объектілерін дамыту
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
	467		Қала құрылысы бөлімі
		003	Тұрғын үй салу
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру

		005	Коммуналдық шаруашылық объектілерін дамыту
		006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту
		007	Көркейту объектілерін дамыту
9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану
	467		Қала құрылысы бөлімі
		009	Жылу - энергетикалық жүйені дамыту
12			Көлік және коммуникациялар
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту
Инвестициялық бағдарламалар			
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету
	122		Қала әкімінің аппараты
		008	Мемлекеттік қызметшілерді компьютерлік біліктілікке оқыту
		116	Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту
4			Білім беру
	464		Білім беру бөлімі
		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру
	451		Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі
		012	Ақпараттық жүйелер құру
13			Басқалар
	452		Қаржы бөлімі
		014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

Қалалық мәслихаттың шешіміне
2008 жылғы 22 мамырдағы N 9/88

3-қосымша

2008 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ӨМІРЗАҚ СЕЛОСЫ БОЙЫНША БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМА ТІЗБЕСІ

Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі	Бағдарлама	Атауы
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты

		001	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету
7			Тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК